



Гольфтен "Kazakhstan Open" екінші халықаралық турнирін өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 27 қыркүйектегі N 284-ө
Өкімі

1. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің 2006 жылғы 28 қыркүйек - 1 қазан кезеңінде Алматы қаласында гольфтен "Kazakhstan Open" екінші халықаралық турнир өткізу туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қоса беріліп отырған гольфтен "Kazakhstan Open" екінші халықаралық турнирін (бұдан әрі - халықаралық турнир) дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Алматы қаласының әкімдігімен, Қазақстан Республикасының Ұлттық гольф федерациясымен бірлесе отырып, халықаралық турнирді дайындау мен өткізуді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі шетелдік азаматтарға - турнирге қатысушылар мен қонақтарға өтініш жасаған орындары бойынша визалық қолдау көрсетсін және виза беруді жүргізсін.

5. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті халықаралық турнирге қатысушылар мен оның қонақтарының кедендік рәсімдерден өтуінің оңайлатылған тәртібін қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қоғамдық тәртіптің сақталуын, ресми тұлғалар мен халықаралық турнирге қатысушылар тұратын, жарыстар өтетін орындарда олардың қауіпсіздігін, халықаралық турнирге қатысушы шетелдік азаматтардың Алматы қаласының қонақ үйлерінде тіркелуін қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі халықаралық турнирге қатысушыларға медициналық қызмет көрсетуге жәрдем көрсетсін.

8. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі халықаралық турнирдің бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң
2 0 0 6 ж ы л ғ ы 2 7 қ ы р к ү й е к т е г і
N 2 8 4 - ө ө к і м і м е н
бекітілген

Гольфтен "Kazakhstan Open" екінші халықаралық турнирін дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамы

Әбіқаев - Қазақстан Республикасы Ұлттық гольф
Нұртай Әбіқайұлы федерациясының президенті, төраға
Досмұхамбетов - Қазақстан Республикасының Туризм және
Темірхан Мыңайдарұлы спорт министрі, төрағаның орынбасары
Тасмағамбетов - Алматы қаласының әкімі, төрағаның
Иманғали Нұрғалиұлы орынбасары
Жошыбаев - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер
Рәпіл Сеітханұлы министрінің орынбасары
Ақанов - Қазақстан Республикасының Денсаулық
Айқан Ақанұлы сақтау вице-министрі
Бектұров - Қазақстан Республикасының Көлік және
Азат Ғаббасұлы коммуникация вице-министрі
Шпекбаев - Қазақстан Республикасының Ішкі істер
Алик Жатқамбайұлы вице-министрі
Құлназаров - Қазақстан Республикасы Туризм және
Анатолий Қожекенұлы спорт министрлігі Спорт комитетінің
төрағасы
Бөкенов - Алматы қаласы әкімінің бірінші
Қайрат Ақмәдиұлы орынбасары
Сұлтанғалиев - "Нұртау" гольф-клубының президенті
Серік Сұлтанғалиұлы